



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№43 (1867)
24 желтоқсан
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Рединг университетінің Химия, өнімдер және фармацевтика мектебінің профессоры Виталий Хуторянский Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Медицинадағы ақылды материалдар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды. Дәріс алдында ғалымды университет басшысы Жансейіт Түймебаев қабылдады.

Ғалым ҚазҰУ-да дәріс оқу мәртебе екенін айтты



Көшбасшылық дәріске университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, химия факультетінің білім алушылары мен жас ғалымдар қатысты.

Профессор Хуторянский жылы ілтипатпен қабылдағаны үшін университет ұжымына алғыс білдіре отырып, ҚазҰУ-да дәріс оқу ол үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті. «Дәл осы залда 25 жыл бұрын мен алғаш рет ағылшын тілінде баяндама жасадым. Сол кезде біз Жоғары молекулалы қосылыстар химиясы кафедрасында түркітілдес елдердің симпозиумын өткіздік. Осыдан кейін менің мансабым басталды. Содан кейін мен аспирант болдым, кейінірек, 20 жыл бұрын, 2002 жылдың қазан айында Ұлыбританияға қоныс аудардым. Мамандығымды химик-ғалымнан фармацевтке ауыстырдым. Осындай мүмкіндікке жол ашып, білім берген университетіме алғыс айтамын», – деп атап өтті профессор.

Валерий Хуторянский өз тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Түркі әлемінде зерттелмеген мұра көп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңадан ашылған институтта сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады. Мәселен, Әл-Фараби кітапханасының қорында 600-ден астам қолжазба толық зерттелмеген. Қазіргі таңда институт мамандары аталған қолжазбаларды, құнды деректер мен материалдарды сараптап, зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Салтанатты шара аясында «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» атты I халықаралық ғылыми конгресі



өтіп, қатысушылар Қазақстандағы және әлемдегі түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелерін талқылады.

Алқалы жиынға қазақстандық ғалымдармен қатар, Түркия, Әзірбайжан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Мажарстан мемлекеттерінің зерттеуші ғалымдары, тарихшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері,



ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, білім ордасындағы түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысына тоқталды (2-бетте).

Пленарлық отырыста ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі Қайрат Мұқанов, ҚР ҰҒА Халықаралық «Qazaq tili» академиясының президенті, Халықаралық түркология орталығының төрағасы Ерден Қажебек баяндама жасады. Өз сөзінде Ерден Қажебек түркі әлемінде әлі де зерттелмеген мұралар жеткілікті екенін айтты. (Толық нұсқасы 2-бетте).

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ауқымды жобалар бірлесіп жүзеге асады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы CNPC Бас директоры Ли Юнхунмен кездесті. Жүздесуде тараптар ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Құрметті мейманды ыстық ықыласпен қарсы алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады.

«Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Тек ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін көрсетуде.



Университет ғалымдары отандық ғылымды дамытуда өз үлестерін қосуда. Білім ордамызда 100-ден астам инновациялық жоба дайындалды. Сонымен қатар ҚазҰУ-да Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары

мен академиялары табысты жұмыс істейді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Қазақстандағы CNPC Бас директоры Ли Юнхун жылы қабылдағаны үшін ректорға ризашылығын білдіріп, ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Түркітану және алтайтану институты жаңа зерттеулерге жол ашады

ҚазҰУ-да халықаралық Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының алғашқы конгресі өтті. Осы басқосуға елімізден атсалысқан, алыс-жақын шетелден келген қонақтарға, қатысушыларға үлкен алғысымды айтамын.



Конгресті өткізбес бұрын, Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты кеңсесінің ресми ашылу рәсімін жасадық. Кең ауқымда өткен халықаралық ғылыми-зерттеу конгресі – Қазақ ұлттық университетінде жаңадан құрылған Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының ең алғашқы шарасы. Ұзақ жылдар бойы оқу ордасының филология факультетінде Түркітану кафедрасы, шығыстану факультетінде ТҮРКСОЙ кафедрасы, тағы басқа ұйымдар жұмыс істеп келді. Енді университет жанынан ашылған ғылыми-зерттеу институты үлкен міндеттер жүктейді. Алдағы уақытта институт ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдете атқаруға тиіс. Бұл – бір. Екіншіден, институт Қазақстандағы, ТМД елдеріндегі, алыс-жақын шетелдегі түркітанушы-ғалымдардың басын қосатын үлкен, кең ауқымда жұмыс істейтін орталыққа айналғаны абзал.

Өздеріңіз білесіздер, 2010 жылы Қазақстанда Халықаралық түркі академиясы ашылды. Қазіргі таңда түркі дүниесі өзін бүкіл әлемге танытуда. Мысалы, ТҮРКСОЙ ұйымы бар, ол түркі дүниесінің мәдениет саласындағы жұмыстарын біріктіреді. Түркі дүниесінің Түркі кеңесі жұмыс істейді, орталығы Ыстамбұлда. Сондай-ақ Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясы (ТҮРКПА) бар, орталығы Әзірбайжанда. Ал Халықаралық түркітану академиясы Астана қаласында орналасқан. Осы ұйымдардың барлығы түрколог-ғалымдар үшін үлкен жұмыс істеу объектісі. Түркітану және алтайтану орталығы келешекте ірі, келелі жұмыстарға мұрындық болады. Айналасына ғалымдарды топтастырады, біріктіреді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдетеді. Соның уақыты келді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қоятын уақыт келді.

Соңғы екі-үш жылда біздің бауырлас түркі дүниесі

елдерінің президенттері бірнеше рет кездесті. Сол жиындарда Мемлекет басшысы рухани байлықтарымызды, ғылыми мұраларымызды тереңдете зерттеуге, бірлестіруге әрі түркі дүниесін жер-жаһанға таныту мәселесі бойынша көптеген тапсырмалар берді. Міне, біз сол тапсырмаларды орындауға күш салуымыз керек. Баршамыз бірігіп, жауапкершілікпен жұмыс істеуіміз қажет. Қазіргі таңда Қазақстан бауырлас түркі әлемінің орталығы ретінде ғаламға мойындалуда. 2010 жылы Халықаралық түркітану академиясы ашылып жатқан кезде Қазан қаласынан атақты Зәкиев бастап келген ғалымдар, Венгриядан, Ресейден, көршілес Орталық Азия елдерінен, бір сөзбен айтқанда, жан-жақтан келген ғалымдар «Мәскеу, Санкт-Петербург бұрынғыдай орталық болудан қалды, ал басқа мемлекеттердің мүмкіндігі жоқ. Сондықтан Қазақстан түркі дүниесінің орталығы болса деген ой-ұсынысымыз бар» деген мазмұнда үндеу әзірлеген. «Қазіргі кезде Қазақстан түркітану әлемінің орталығы болуға лайық, сондықтан осынау келелі мәселеге қолдау көрсетуіңізді сұраймыз», – деп, біздің Президентімізге үндеу хат алып келген екен. Тура осы кезде Астанада Халықаралық түркітану академиясын аштық, түркі дүниесінің кітапханасы, түркі дүниесінің мұзейі өмірге келді. Сол кезде халықаралық түркітану симпозиумына екі мемлекеттің президенті қатысты. Басқосуға жиналған ғалымдар бірауыздан «Қазақстан түркітану саласында үлкен жұмыс атқарды. Қазақстан нағыз түркі дүниесінің орталығы болуға (ғылыми-зерттеу тұрғысында) әбден лайық» деп, бізге ниетін білдіріп кетті.

Мұның бәрі тегін айтылған әңгіме емес, осы өтініштің өзі бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Демек, қазақстандық

түркітануды ғана емес, дүниежүзілік түркітануды зерттейтін, зерттеу жұмыстарын жалғастыратын, біріктіретін біз болғанымыз абзал. Осы жерде айта кететіні, біздің университетімізде жаратылыстану саласында ғана емес, гуманитарлық бағытта да көптеген жұмыстар атқарылуда. Жалпы, болашақта ғылыми институт түркі тілдерінің ортақ эсперантосын жасауы қажет. Қазір оның базасы дайын. Түркітілдес елдердің ортақ сөздерін біріктіріп, эсперанто әзірлеген жөн. Өзірше бұл салада осы қызметті түркі тілі атқаруда.

Біздің түпкі мақсатымыз – түркі халықтарының бүкіл рухани мұрасын зерттеу ісін тереңдету. Біріншіден, өзімізге; екіншіден, өзгелерге, бүкіл дүниенің төрт бұрышына таныту және мойындату. Әлі де ашылмаған, зерттелмеген мол рухани мұрамыз бар. Баршамыз осынау баға жетпес құнды мұрамызды індетте зерттеуге атсалысуымыз қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркітілдес елдер арасындағы гуманитарлық байланыстарға ерекше мән беріп келеді. Білім, ғылым, мәдениет саласындағы ықпалдастыққа ұдайы көңіл бөледі.

Әлемдік сарапшылар кезінде «XXI ғасыр түркі мәдениетінің ғасыры болады» деп болжаған. Бүгінде бұл құбылыс өз жемісін беруде. Түркі әлеміндегі ілім-білім тарихының басында тұрған әл-Фараби, Махмұд Қашқари, әл-Хорезми, әл-Бируни, Мұхамед Бабыр, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири сынды тарихи тұлғаларымыздың еңбектері бүгінгі ұрпаққа жетті. Соңғы он жыл ішінде түркітілдес мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы ерекше дами түсті.

Біз өткізген халықаралық ғылыми конгрестің мақсаты – Түркітану және алтайтану саласындағы зерттеулерді жинақтауға және түркілік мұ-

раларды зерттеу жұмыстарын одан әрі жетілдіруге түрлі сала мамандарын тарту.

Сонымен қатар әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасын, түркітілдес халықтардың тілін, әдебиетін, фольклорын, тарихын зерттеушілерге жаңа өріс ашып, жаңа бағыт беру. Жиынға қазақстандық ғалымдармен қатар, онлайн және офлайн форматта Түркия, Әзірбайжан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Венгрия мемлекеттерінің зерттеушілері қатысты. Түркологияның өзекті мәселелері – түркі тілдерін зерттеу, Орхон, Енисей, Талас, Алтай жазба ескерткіштері мәтінін түпнұсқадан қайта оқу, түркі тілдерінің сабақтастығын көрсету.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі түркологияның мамандық ретінде оқытылуы үлкен жетістік болды. Қазіргі кезде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Түркітану» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. ҚазҰУ биыл зерттеу университеті мәртебесін алғаннан кейін ғылыми бағыттағы жұмыстарға айрықша басымдық бере бастады.

Конгресс аясында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын ашып отырмыз. Бұл осы саладағы мамандар мен жас ғалымдардың жаңа зерттеулеріне жол ашады. Бұл институт қазір Әл-Фараби кітапханасындағы сирек кездесетін қолжазбалар қорындағы құнды деректер мен материалдарды зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Түркі халықтарының тарихы мен терең тамырын жан-жақты зерттеп саралаудың жаңалықтар әкелетін ғылыми институт жұмысына табыс тілеймін. Жаңа ғылыми ордада жаңашыл бағытта аянбай еңбек етіп, тың жаңалықтарымыз көп болатынына сенемін. Түркі мәдениетін, түркі құндылықтарын әлемге танытатын осындай халықаралық деңгейдегі ғылыми шаралардың маңызы әрдайым жоғары деп білемін. Еліміз өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап түркітану ілімінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Алайда түркі әлемінде әлі де толық зерттелмеген қаншама ортақ мұраларымыз бар. Конгресс жұмысы осындай олқылықтардың орнын толтыруға ықпал етеді деп есептеймін.

ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығына арналған «Тарихи тұлғалар – ел есінде» атты мәдени шара өтті.



Ел тарихында айрықша орны бар тұлға

Оған белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, Халықаралық «Қонаев қорының» президенті Эльдар Асқарұлы Қонаев, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, белгілі ғалымдар мен академиктер, оқытушылар мен студенттер қатысты.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мәдени шараның жұмысын аша отырып, ұлтымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ел тарихында айрықша орны бар екенін атап өтті.

«Дінмұхамед Қонаев есімі жаңа Қазақстан қоғамында жаңаша жаңғыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен Қапшағай

Димаш Ахметұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі ретінде 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қайраткерлік тұлғасы, ел алдындағы жасампаздық еңбегі, әділдігі мен тазалығы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге», – деп атап өтті ректор Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде сөз алған Халықаралық «Қонаев қорының» президенті Эльдар Асқарұлы Қонаев қордың және Дінмұхамед Қонаевтың отбасы атынан конференцияны ұйымдастыруға атсалысқан университет ұжымына алғыс айтып, өзінің ҚазҰУ түлегі екенін мақтаныш ететінін айтты.

«Биыл Дінмұхамед



қаласына Қонаев есімі беріліп, Алматы облысының орталығына айналды. Елімізде ескерткіштері бой көтеріп, ғылыми конференциялар өтуде. ҚазҰУ-дағы бүгінгі конференция іс жүзінде ұлы тұлға арналған мерейтойлық іс-шаралардың қорытынды жиыны болып табылады», – деді Э.Қонаев.

Шара барысында спикерлер мен қатысушылар Д.Қонаевтың мемлекеттік, саяси және ғылыми қызметіне талдау жасап, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық және мәдени салаларын дамытудағы ерен еңбегіне тоқталды.

«Биыл Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығына арналған іс-шаралар еліміздің барлық өңірінде жоғары деңгейде өтуде. ҚазҰУ-дағы бүгінгі конференция іс жүзінде ұлы тұлға арналған мерейтойлық іс-шаралардың қорытынды жиыны болып табылады», – деді Э.Қонаев.

Шара барысында спикерлер мен қатысушылар Д.Қонаевтың мемлекеттік, саяси және ғылыми қызметіне талдау жасап, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық және мәдени салаларын дамытудағы ерен еңбегіне тоқталды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы сапармен келген Түркия Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Метин Кыратлы оқытушы-профессорлық құрам мен білім алушыларға дәстүрлі көшбасшылық дәрісін оқыды.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бауырлас мемлекеттер қарым-қатынасының маңызына тоқталып, оқу орнының түркиялық әріптестермен тығыз ықпалдастықта екенін жеткізді. «Негізі 1934 жылы қаланған қара шаңырақ бүгінде әлемнің 500-ден астам жетекші университетімен ынтымақтасады. Оның ішінде Түркияның Ыстамбұл, Анкара, Едитепе, Мармар, Хаджеттепе сынды 31 білім беру және ғылыми мекемесімен тығыз байланыста. Өзара мәдени және ғылыми алмасуды жүзеге асырады», – деді ректор.



Яғни аталған қос қаладан жоғарыда атап өткен демократия мен модернизацияның нәтижесін көру кім-кімге де әсер етпек.

Әрине, бұл топырақта, осынау географиялық аумақта біздің ортақ тарихымыз бар. Аталары-

Құрметті ректор мырза, қадірлі ұстаздар ұжымы, студенттер, баршаңызға жалынды сәлем! Ректор мырза, өте дұрыс айтасыз, біз түбі бір түркі, бауырлас халықпыз. Десе де, бет әлпетімізде біраз айырмашылық бар. Мұнда

Метин КЫРАТЛЫ, Түркия Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы:

ҚазҰУ - екі ел арасындағы қарым-қатынастың алтын көпірі

келе салып залға бір көз жүгірткенім сол еді, түркиялық студенттерді көзім шалып қалды. Олардың маған ыстық көрінгені сонша – қуанып қалғанымды жасыра алмаймын. Атажұртымыз Қазақстанға келгеніміз үшін өзімді бақытты санаймын. Әлемдік білім ордаларының QS рейтингінде 150-орынға көтерілген, жылдан-жылға алдыңғы шептен көрініп, Еуропа, Азияда көш бастап келе жатқан, ғұлама әл-Фарабидің есім-сойымен аталған бұл білім ордасы ғылым-білімімен әлемнің назарын өзіне аударып отырғаны рас. Мен де Түркиядағы жоғары оқу орындарының бір мүшесімін. Осы орайда, университет қызметінің қиындықтары мен академиялық бейнет, тауқыметін бір кісідей түсінемін. Сондықтан да ҚазҰУ-дың қаншама кедергі мен бел-белеске қарамастан, өркендеп келе жатқанын мақтан тұтамын.

Біздің Қазақстанмен бірге жүз жылдан бергі жалғасқан бауырластық қарым-қатынасымыз нығайып келеді. Осы үшін қуанышты екенімізді қай жерде болсын еске алып, айтып жүреміз. Сіздер де (мемлекет басшысы, саясатшылар, оқу ошағының басшылары, профессорлар мен ұстаздар) бізге деген бауырластықты айтқан сайын біздің бойымызды мақтаныш кернейтіні рас. Қазақстан қандас ел болғанымен қатар, стратегиялық тұрғыдан да бізбен мақсат-мүддесі бір. Президентіміз Реджеп-Тайып Ердоған айтқандай, «Түркияның жүзжылдық стратегиясында» да бізбен ортақ ел. Осы тұрғыдан алғанда, өзара қарым-қатынасымыздың дамуы өте маңызды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, жан-жақты даму жолын бастады. Демократия мен модернизация жолында даму арқылы маңызды, соны қадамдарға барып, талай асулардан асқаны мәлім. Өткен айларда Астанада болдым, сонда осы тақырып ауанында сөз сөйледік, енді, міне, бүгін Алматыдамыз.

мыз ғұндар мен көк түріктердің мирасына ие болған Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бүгінге дейін түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне мол үлесін қосты. Түрік академиясы зерттеулерінің арқасында түркілердің тарихы қайта жазылып, басылды. Қазақстан өзіне мұра боп қалған тарихын қайта құрып, жетілдіруі арқылы барша түркітөктес халықтардың дамуына, қанат жаюына ықпалын тигізіп жатқаны анық. Түркі халықтары ұйымына мүше өлкелерде ортақ түркі тарихы пәні мен әдебиетінің оқытылуы түпкі нәсілдердің кім екенін, өзегін білуі қалыптасу бағытынан аса маңызды. Осы үдеден шығып отырған Қазақстанға дән ризамыз. Жансейіт Қансейітұлы мырза ҚазҰУ-да 3000-ға жуық шетелдік студент тәлім алып жатқанын атап өтті. Сол сияқты кейінгі жылдары 25 мыңға жуық қазақ студентінің Түркияда білім алуы дамуға, үйренуге жол ашарды. Сонымен қатар бұл – қазақ студенттерінің білімге деген аса құштарлығының көрінісі. Біз де Түркияда білім алған қазақ студенттеріне, ұстаздар мен профессорларға қолымыздан келгенше сүйеніш болуға тырысып бағамыз. Оларды өз студенттерімізден бөліп-жармаймыз. Сіздердің де дәл солай, біздің студенттер мен ұстаздарымызға жүрегіңізден орын беріп, құшағыңызды ашып жатқандарыңызды көріп қуанып отырмын.

Быыл Түркияда 4700-ге жуық қазақ студенті білім алып жатыр. Бұлардың бір бөлігіне, яғни 550 студентке шәкіртақы береміз. Бұдан бөлек, бүгінге дейін 25 мыңға жуық қазақ студенті білім алды. Олармен арадағы достығымызды үзбей, мәдениет, экономикалық хәм саяси бағытта жұмыс істеудеміз. Екі ел байланысының бұдан да артуына қуатты бағдар бастамасын қолға алудамыз. Осыған орай, Астанада Түркия университеттерін бітірген студенттер мүше болған «Мезунлар» деген журнал шығарамыз.



Басылымды шығаруға студенттер белсенділік танытады. Белсенді студенттерге және Түркиядағы қазақ жастарына түрік тілі мен әдебиеті, өнеріне қатысты салаларда қолдау көрсетеміз. Жастар ұйымына шақырамыз, мәдени белсенділіктеріне назар аударамыз. Түркия студенттері ҚазҰУ студенттерімен бірлесіп мәдени-экономикалық және ғылыми байланыс орнату арқылы екі ел арасындағы мәдениет, ғылым-білімнің дамуына алтын көпір болуда. Осынау көпірді қаншалықты берік ұстап қолдасақ, тарихта соншалықты үзіліп қалған байланысымыздың орны толып, түркі әлемі бұдан да ғажап жаңғыра түспек.

Қазақстан – бүкіл жер-жаһан үшін маңызы арта бастаған алып бір мемлекет. Біз Қазақстанмен арадағы маңызды достық, бауырлас қарым-қатынас, ырғақты қызметіміз арқасында одан әрі күшейіп, жан-жақты дами түсуге мүдделіміз. Мәдени-тарихи құндылықтарымызды мүмкіндігінше білім тұрғысынан зерттеуге көңіл бөлеміз. Қазақстан экономикалық жетістіктері арқылы айналасындағы басқа да елдерге үлгі көрсетеді. Әсіресе сіздер, жастар, алдағы уақытта осы елде, тіпті

білмегеніне – дұшпан» деген. Яғни бір-бірімізді жетік білмесек, жіті танымасак, достық құра алмаймыз. Меніңше, достықтың ең маңызды бір бөлігі – қайбір елдің тілін білу. Мәселен, мен бұрын қазақ тілінде сөйлесем де, сіздермен тілдесе отырып, қазақ тіліндегі көптеген сөздердің ұғынықты болғанына қайран қалдым. Себебі тіліміз сондай ұқсас. Жасырмаймын, өзбайжан тілі түрік тіліне тіптен жақын. Десе де, сіздерге басқа тілдерге қарағанда, түрік тілі түсінікті болады деген ойдамын. Сол үшін де тіл адамзат өркениетінде өте маңызды рөл ойнайды. Тіл дегеніміз – басқа елдің тілінде сөйлеу ғана емес, сол елді құрметтеу. Қай тілді білсеңіз – сол елді, сол елдің мәдениетін, өнерін, пәлсапасын сүйсіз деген сөз. Егер француз тілін білсеңіз, сол елге деген ықыласыңыз жоғары, ағылшынша білсеңіз де, дәл солай. Бір байқағаным, көп елде түрік сериалдарын қызығушылықпен көреді екен, соның ішінде Қазақ елі де бар. Осы сериалдардың да түрік мәдениеті мен өнерін насихаттауға етене әсері болды деген ойдамын. Бір-біріміздің тілімізді үйреніп меңгерсек, көптеген жол өзі-ақ ашылады. Бір-бірімізді түсінбесек, түсінісе алмаймыз. Қазірдің өзінде біз аудармашыға мұқтаж болып отырғанымыз менің көңілімді түсіріп тұр.

Түркиядағы әкімшілік жұмысы біраз қиындық туғызады. Бізде беделіңіз қаншалықты артса, қызметіңіз де соғұрлым көтеріле түседі. Мен құқықтану факультетін бітірдім. Көп жылдар сотта қазылық қызмет атқардым. Кейіннен Әділет министрлігінде қызметімді жалғастырдым. Содан соң, 2014 жылы Президентіміз Әкімшілігінің басшысы ретінде мені жанына қызметке алды. Бүтін Түркия тарихында құқықтанушы маман ретінде мұндай мәртебеге көтерілген жалғыз адаммын. Қызметімнің өсуіне құқық маманы болуымның да үлкен ықпалы болды ғой деймін. Әсілі, әділет бар жерде тындырылған іс көзге көрінеді, экономикалық әл-ауқат артып, халықтың өмірі түзелетіні белгілі. Түркияда бірнеше ғасыр Осман империясы басшылық еткенін білесіздер. Бұл империя жетістігінің ең үлкен шыңы – басқару ісін сот төрешілеріне, қазы-билерге қалдыруында. Түсіне білген адамға мұнда үлкен астар бар. Осман империясында әділетті басқару болғанына тарих куә. Осы алып империя әлемнің төрт бұрышында үкім айтып, бірнеше ғасыр билік жүргізді. Шынында да, мен ертеректе академик болуды армандағанмын. Ол кезде академик болу өте қиын еді, ал қазір жеңілдей түсті.

Шетелге шыққан сапарымда музейлерге барғанды, әсіресе сурет көрмелерін аралағанды жақсы көремін. Зайыбым өнер саласында маған қолдау көрсетеді. Ол да мен сияқты галерея аралағанды жақсы көреді. Қазір өкінішті білім ретінде өнер тарихын оқып жатыр. Түркияда тарихи ғимараттар көп, түрлі нысандар мен туындылар кім-кімнің де назарын аударып, тамаша көрінісімен өзіне баурап алады.

Құрметті ректор Жансейіт мырзаға, университет ұжымына, тұтас қазақ халқына ризашылығымды білдіремін хәм алғыс айтамын. Егемендіктеріңіз лайым мәңгілік болсын, тілектеспін!

Мамандық таңдау – жауапты мәселе

Қазіргі нарық экономикасы жағдайында мамандық таңдау еркіндігі мен қызметкердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету ең өзекті мәселелердің бірі. Мамандық таңдау – талапкердің өмірде өз жолын тауып, өзін-өзі анықтаудың негізгі факторларының бірі. Ол бір-қатар механизмдер арқылы сипатталады. Атап айтқанда, таңдалған мамандықтың талаптарына сәйкес, мамандықты нақты таңдау және жасалған таңдауды жүзеге асыру мүмкіндігін, таңдаушының жеке шеберлігін бағалау.

Бүгінгі таңда жастардың кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау мәселесі тұлғаны қазіргі қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыруда өте маңызды. Талапкер мамандықты, тиісті оқу орнын таңдауы керек. Сонымен қатар елдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты өзіннің кәсіби даму жолындағы мүмкін болатын өзгерістерге дайын болуға тиіс. Кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау – бұл мамандықты таңдау және меңгеру процесін көрсететін жеке таңдау нысаны. Әдетте ол нақты кәсіби міндетке көзделген талаптарға байланысты өзіннің білімі мен шеберлігін талдау, қабілеттілігін бағалау барысында жүзеге асады.

Мамандықтар әлемі – бұл мамандықтар мен олардың құрамдас бөлігін алуан түрі. Бірақ бұл кең әлемде, өзінің ойындағы қажетті мамандықты қалай таңдауға болады? Мәселен, бухгалтер мамандығын ала-

йық. Бұл мамандық ең көне кәсіптердің бірі. Бухгалтерлік есеп бойынша алғашқы баспа кітаптары XIV-XV ғасырларда пайда болды. Міне, бес ғасыр өтсе де, бухгалтер мамандығы еңбек нарығында өзінің өзектілігін, маңыздылығын жойған жоқ.

Бухгалтер деген кім және бұл мамандыққа деген қызығушылық неге жоғары? Бухгалтер – бұл қолданыстағы заңнамаға сәйкес, бухгалтерлік есеп жүйесінде жұмыс істейтін маман. Ол өз қызметінде келешекте басшылыққа алатын көптеген заңнамалық актілерді, мүліктерді есепке алуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік және нормативтік материалдарды, еңбек заңнамасын білуі қажет. Сонымен қатар кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің нысандары мен әдістерін, шот жоспары мен оның корреспонденциясын, құжат арқылы рәсімдеу мен барлық шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепшоттарында көрсету тәртібін



білуі, автоматтандырылған есеп жүйелерімен және т.б. жұмыс істей білуі қажет.

Айта кететін жағдай, бухгалтерлер аудитор, экономист, салық кеңесшісі және қаржы менеджері сияқты ұқсас мамандықтарды игеруге де мүмкіндіктері бар. Қосымша мамандықты игеру қызметкер үшін әрқашан тиімді. Экономикалық дағдарыс жағдайында кәсіпорындардың жағдайы тұрақсыз, бұл қызметкерлердің қысқаруына алып келуі мүмкін. Дегенмен қысқарту туралы шешім қабылдаған кезде билік әрқашан өзінің функционалдық шегінен шығудан қо-

рықпайтын білікті әрі білімді маманға артықшылық береді. Кәсіпорын жабылған жағдайда басқа жұмыс табу мүмкіндігі жоғары, өйткені әрқашан білікті мамандарға деген сұраныс жоғары.

Бұл мамандықтың тағы бір артықшылығы – егер сіз өз кәсібіңізді ашсаңыз, бухгалтерлік есепті өзіңіз жүргізіп, қаржылық есептілік нысандарын өзіңіз құрып, еңбекақы шығынын азайтуға мүмкіндігіңіз болады. Сондай-ақ тәжірибелі бухгалтер, бизнес туралы ештеңе білмейтін бастаушы кәсіпкерге қарағанда, жұмыстың кейбір қырын әлдеқайда жақсы біледі.

Дүниежүзінде ешбір экономика бухгалтерлік есепсіз жүрмейді. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасуы бас-талған кезде бухгалтер мамандығы бұрын-соңды болмаған ең танымал және сұранысқа ие мамандықтардың біріне айналды. Өнеркәсіптік кәсіпорындарға, мекемелерге, бюджеттік ұйымдарға, фирмаларға бухгалтерлер қажет, тіпті шағын кәсіпкерлікпен айналысатын жеке кәсіпкерлер де бухгалтерлік есеп жүргізуге міндетті. Заманауи бухгалтер кәсіпорынның барлық шығындарын, залалдарын және пайдасын есепке алып, еңбекақы, салықтарды есептеп және төлеуі тиіс.

Бухгалтер компанияның ақшасына қатысты барлық ақпаратты біледі. Оның жұмысы қызықты әрі үлкен біліктілік пен кең дүниетанымды қажет етеді. Оған қоса, заманауи бухгалтер кәсіпорынның қызметін заң шеңберінде жоспарлау және оң қаржылық нәтижеге қол жеткізу үшін өз жұмысына шығармашылық элементтерді енгізуі тиіс. Бухгалтер – компанияның тұрақты болуына көмектесетін басшының оң қолы, негізгі көмекшісі.

Сария БАЙМҰХАНОВА,

Қаржы және есеп кафедрасының доценті, Э.Ф.Д.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушылардың қорытынды аттестаттауының бір түрі. Аттестаттауды жақсы тапсыру үшін оған сапалы дайындық қажет екені мәлім. Осы орайда, 1985 жылы КСРО-ның Арнайы орта және жоғары білім министрлігінің шетелдіктерді Кеңес Одағының ЖОО-ларына түсуге дайындау мақсатында №425 бұйрығымен құрылған ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы қазіргі таңда қазақ диаспорасы мен жергілікті тыңдаушыларды ҰБТ-ға дайындау бағыты бойынша жұмыс істеп келеді.

ҰБТ-ға дайындаудың тиімді тәсілі

Факультетке түскен тыңдаушыларды тоғыз ай көлемінде негізгі пәндер бойынша: қазақ тілі, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы, математика, математикалық сауаттылық бағыты бойынша дайындаса, таңдау пәндері бойынша: биология, химия, физика, география, әдебиет, ағылшын тілі, дүниежүзі тарихы пәндері бойынша кешендік тест тапсыруға дайындайтын факультет. Біздің факультетте тыңдаушылардың білім деңгейі ай сайын тест орталығының мамандары дайындаған тест арқылы айқындалып отырады. Осы тұста ҰБТ-ға тыңдаушыларды дайындауда оқытушыларға мынадай талаптар қойылады:

1. ҰБТ-ға сапалы дайындық ұйымдастыру.
 2. Тыңдаушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру.
 3. ҰБТ-ның сапасын және орташа ұпайын жоғарылату.
- ҰБТ-ға дайындық кезінде төмендегідей жұмыс іске асады:
- тест жинақтарымен жұмыс істеу;
 - күрделі тақырыптар



бойынша деңгейлік тапсырмалар беру;

- топтық және жеке дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- тестімен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді қолдану;
- тақырыптар бойынша бақылау тестілері;
- мониторинг;
- қатемен жұмыс жүргізу;
- психологиялық тренинг ұйымдастыру және өткізу.

Осы бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыс барысында тыңдаушылар үш топқа бөлінеді: 1-топ – үнемі 100 ұпайдан жоғары алатын тыңдаушылар, 2-топ – 90 ұпайдан 85 ұпайға дейін алатын тыңдаушылар, 3-топ – 80 ұпайдан төмен алатындар. Сондықтан ҰБТ-ға тыңдаушыларды даярлау

білім алушылардың танымдық-белсенділіктерін арттыруда саралап оқыту, проблемалық сұрақтар арқылы дамыта оқыту, оқытуды өмірмен ұштастыру, әр тыңдаушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау басты әдістердің бірі болып саналады. Осыған орай, әр сабаққа қойылатын басты талап – білім алушының танымдық құзырлығын дамыту. Тыңдаушыларды ҰБТ-ға даярлауда ескеретін тағы бір жағдай – бір сұрақтың бес нұсқадағы жауабы болса, соның дұрыс жауабын тауып, дәлел келтіре отырып орындауға дағдыландыру.

Жанар СӘТКЕНОВА,
Күләш ӘБДІБЕКОВА,

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

Ташкентте көшбасшылық дәріс оқыды

Қазақ ұлттық университеті – QS World University Rankings халықаралық рейтингтік агентігі зерттеуінің нәтижесі бойынша 2022 оқу жылында әлем университеттері арасында 150-орынға, ал Орталық Азияда 1-орынға ие болған еліміздегі жетекші көпсалалы жоғары оқу орны.

Бүгінде университетте әлемнің көптеген елдерінен шетелдік студенттер білім алуда, олардың саны жыл сайын артып отыр. Бірлескен халықаралық оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, студент алмасу және тағылымдамадан өту бойынша әлемнің ірі халықаралық университеттерімен ынтымақтастық орнатылған. Солардың бірі – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті.

Орталық Азиядағы университеттердің алдына қойған негізгі мақсаттың бірі – рейтингі жоғары университеттер арасынан тәжірибелі оқытушылар шақырып, көшбасшылық дәріс оқу. Жуырда География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасынан география ғылымының кандидаты Әлім Мылқайдаров «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы», «Геосаясат және географияны оқыту әдістемесі» пәндерінен дәріс оқып, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеттің әкімшілік тарапынан ерекше ықыласқа ие болды. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің рек-



торы А.Киргизбаевтан арнайы сертификат және аталған университеттің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Ф.Икромхоновадан алғыс хат алуы Әлім Төлекұлының көпжылдық ғылыми-педагогикалық еңбек тәжірибесінің нәтижесі әрі әріптесіміздің ғылыми және оқу-әдістемелік деңгейінің жоғары екенінің дәлелі.

Аталған іс-шара Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін үлкен жетістік. Негізгі көшбасшылық дәріс оқу жұмысынан тыс, Әлім Мылқайдаров азаматтық парызы ретінде Өзбекстан Республикасындағы аралас мектепте қазақ тілінде білім алып жатқан оқушылармен кездесті. Кездесу барысында Қазақ ұлттық университеті, оның ішінде география және табиғатты пайдалану факультеті жай-

лы мәліметтер беріп, География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы аясындағы білім беру бағдарламалары жайлы жаңа жақты толық ақпараттар ұсынып, кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асырды. Анығын айтқанда, Ташкент қаласындағы өзбек, қазақ, орыс тілдерінде оқытатын №290 аралас мектеп оқушыларымен кездесіп, сабақтарға қатысты. Мектеп бітіруші қазақ сыныптарының оқушыларына кәсіби бағдар бойынша көптеген мағлұмат берді. Оқушыларға өздерін қызықтырған мамандықтары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сауалдарына жауап берді.

Білім-ғылым саласындағы осындай байланыстар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, білім мен ғылым саласындағы екі ел жастарының тәжірибе алмасуына, өркендеу мен бәсекелестікте жоғары нәтижеге қол жеткізуге жол ашады. Ал тәжірибелі оқытушы-профессорлардың көшбасшылық дәрістері ҚазҰУ-дың беделі мен абыройын асқақтата беретініне сенеміз.

Өкештай САҒЫМБАЙ,


география және табиғатты пайдалану факультетінің аға оқытушысы, Г.Ф.Д.

Төрт жылда бір ұйымдастырылатын футболдан әлем чемпионатынан әлемдік мундиальды Азиядағы Қатар алғаннан кейін дүниежүзінің әртүрлі елдерінен еріктілерді таңдау мақсатында ФИФА және Қатар ұйымдастыру комитетінің бастауымен іріктеу басталды.

Әлем чемпионатына ерікті ретінде қатысты



Іріктеу талаптары мен шарттары биылғы көктемде интернет желісінде белгілі болғаннан кейін, «Базалық шығыс тілі (араб тілі)» пәнінен дәріс алып жүрген «Шығыстану» оқу бағдарламасы бойынша I курс студенттерімен бөлістік. Топтың ішінде іріктеу талаптарына толық сай келетін студент Гүлфайруз Сәуірбай қатысып, онлайн-сауалнама толтыруға кірісті. Көктем соңындағы нәтиже бойынша Гүлфайруз екінші кезеңге сәтті өткені туралы хат алып, маусымда екінші кезеңге қатысты. Бұл кезең онлайн форматта ұйымдастыру комитетінің өкілдерімен кездесуді, оның ішінде өзін таныстыру, сұрақтарына ағылшын тілінде жауап беруді қамтыды. Тамызда ФИФА-ның құттықтау хаты бар жауабы электронды поштаға келді. Одан кейін біртіндеп әуе жол билеті, виза, тұрғылықты орын туралы ақпараттар келе бастады. Айта кететіні, тұратын жер, тамақтану, чемпионатта қиетін арнайы киім, ұялы байланыс қызметі ұйымдастырушылар тарапынан болды.



Іріктеу талаптары мен шарттары биылғы көктемде интернет желісінде белгілі болғаннан кейін, «Базалық шығыс тілі (араб тілі)» пәнінен дәріс алып жүрген «Шығыстану» оқу бағдарламасы бойынша I курс студенттерімен бөлістік. Топтың ішінде іріктеу талаптарына толық сай келетін студент Гүлфайруз Сәуірбай қатысып, онлайн-сауалнама толтыруға кірісті. Көктем соңындағы нәтиже бойынша Гүлфайруз екінші кезеңге сәтті өткені туралы хат алып, маусымда екінші кезеңге қатысты. Бұл кезең онлайн форматта ұйымдастыру комитетінің өкілдерімен кездесуді, оның ішінде өзін таныстыру, сұрақтарына ағылшын тілінде жауап беруді қамтыды. Тамызда ФИФА-ның құттықтау хаты бар жауабы электронды поштаға келді. Одан кейін біртіндеп әуе жол билеті, виза, тұрғылықты орын туралы ақпараттар келе бастады. Айта кететіні, тұратын жер, тамақтану, чемпионатта қиетін арнайы киім, ұялы байланыс қызметі ұйымдастырушылар тарапынан болды.

Біз үшін студентіміздің футболдан әлем чемпионатына ерікті ретінде қатысуы үлкен мақтанш.

Анар МҰСТАФАЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, PhD

Фарида ЖҰМАЖАНОВА,
куратор-эдвайзер, ф.ф.к.

Экологиялық мәселелерді шешу талқыланды

Таяуда «Plast-Net» пластикалық қалдықтарды жинау және қайта өңдеу кәсіпорындарының желісі Алматы қаласы аумағында жүзеге асырып жатқан «Қалдықтарды бөліңіз – бізде басқа планета жоқ» елеуметтік жобасы аясында атқарылған жұмыс жайында хабардар ету мақсатында «Жасыл ЖОО – жас қоғамды дамыту құралы ретінде» атты конференция ұйымдастырды.



Жобаның мақсаты – қоршаған ортаны қорғауға жас ұрпақты үндеу және оқу орындарының аумағында қалдықты бөлек жинау жүйесін енгізу арқылы экосаналылыққа тәрбиелеу.

Жиын барысында ЖОО студенттері арасында өткен «Табиғатты сақта – қалдықтарды сұрыпта» республикалық жобалар байқауының жеңімпаздары ресми марапатталды. Конференция жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін дамытуды талқылауға арналған алаң және оқу орындары базасында тәжірибе алмасуға керемет мүмкіндік болды. Оның жұмысына студенттер мен ЖОО оқытушылары, Алматы қалалық білім басқармасы және Алматы қаласы бойынша экология департаментінің өкілдері қатысты.

Қатысушылар экосананы қалыптастырудағы іске асырылып жатқан «Жасыл ЖОО» саясатымен танысты. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу бойынша практикалық ұсыныстар алды.

Негізінен, «Жасыл ЖОО» деп – өз қызметіне «жасыл экономика» және тұрақты даму қағидаттарын енгізетін жоғары оқу орындарын атаймыз. Осы қызмет шеңберінде ЖОО аумағында ресурстарды үнемдеуді арттыру, қалдықтарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар іске асады. Білім беру бағдарламаларында экологиялық күн тәртібі күшейтіледі, сондай-ақ студенттермен және ЖОО қызметкерлерімен ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарының экологиялық қызметі оның студенттер, қызметкерлер, сондай-ақ қоғам алдындағы жауапкершілігінің дәлелі болып табылады.

Елімізде «Жасыл ЖОО» саясатын жүзеге асыру бастапқы сатыда тұр. Жоғары оқу орындары зайырлы қоғам өміріндегі өзекті экологиялық мәселелерді шешуге үлес қоса алады. Қазірдің өзінде қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу арқылы және оқудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің экологиялық мәдениетін арттыруға күш салуда.

Қазақ ұлттық университеті де осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Атап айтсақ, әлемдік деңгейде университеттердің экологиялық бағытын сараптайтын Green metrix рейтингіне жыл сайын қатысады. 2012 жылы РИО+20 университеттерінің тұрақты дамытуды ілгерілету туралы декларациясына қол қойды. Соның нәтижесінде 2013 жылдан бастап «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» жобасын іске асырып келеді.

Гүлжанат ТАНАБЕКОВА, Әйгерім КЕРІМҚҰЛОВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында ирантану бөлімі мен Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы жанындағы Мәдени өкілдіктің ұйымдастыруымен қазақстандық танымал каллиграф Асылбек Орынбасаров араб-парсы жазуы каллиграфиясының шеберлік сыныбын өткізді.

Танымал каллиграфтың шеберлік сыныбы өтті



Кафедра меңгерушісі Дариға Көкеева мен Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Бас консулдығы жанындағы Мәдени өкілдіктің басшысы Мәжит Әлігәрі мырза кіріспе сөз сөйлеп, шеберлік сыныбын ашып берді. Шеберлік сыныбына кафедраның иран және араб бөлімінің студенттері қатысты. Ол практикалық сипатта өтіп, студенттердің асқан қызығушылығын тудырды. Каллиграф Асылбек Байұзақұлы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің және Мысырдағы «Халил Аға» көркем жазу институтының түлегі. 2005-06 жылдары Иран мәдени орталығында парсы тілін оқыған, 2010 жылдан бастап Ыстамбұл қаласында заманымыздың бірегей каллиграфы, әйгілі Хасан Челябидің сабақтарына қатысады. 2014 жылы Астана қаласында, 2017 жылы Алматы қаласында жеке көрмесін өткізген. 2017 жылы Мәскеу қаласында халықаралық 6-каллиграфия көрмесіне, 2020 жылы «Ғылым ордасы» Сирек кездесетін кітаптар мұражайында Әбу

Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ислам каллиграфиясының философиясы», биыл ҚР Мемлекеттік орталық музейінің «Діни мазмұнды қолжазбалар мен басылымдар» атты көрмесіне қатысқан. Астана қаласында бой көтерген Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт – «Nur-Sultan Grand Mosque» мешітінің жазуларына жазу жұмыстарына араласты.

Ал биыл 9-14 желтоқсан аралығында бұл каллиграфтың араб-парсы жазуы каллиграфиясы бойынша жасаған авторлық жұмыстарының көрмесі өтті. Көрмені студенттер мен оқытушылар, сондай-ақ факультет қонақтары, атап айтқанда, Біріккен Араб Әмірліктерінен келген қонақтар да тамашалады. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің студенттері көрмені тамашалауға арнайы келді.

Айман БОРАНБАЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы ирантану бөлімінің меңгерушісі

Планы – долгосрочное сотрудничество

В рамках программы международного сотрудничества и приглашения профессоров зарубежных университетов в КазНУ им Аль-Фараби в период с 10-го октября по 7-е ноября на факультете филологии работал профессор Крис Кортен. Профессор Кристофер Кортен получил степень магистра в Кембридже (1999 г.) и докторскую степень в Оксфорде (2006 г.). В настоящее время занимает должность профессора в Университете Адама Мицкевича в Познани, Польша. Ранее он был профессором МГИМО в Москве и был директором Центра по академическому письму. Профессора Кортен регулярно приглашают читать лекции по всему миру в самые престижные университеты, включая Оксфорд, Кембридж, Рим, Левен, Гонконг, Тринити-колледж в Дублине и Варшаве. Профессор Кортен опубликовал около 30 научных статей, в том числе, 12 статей в высокорейтинговых журналах Web of Science и книга «In the Eye of the Storm: The History of the Irish College, Rome, 1772-1826» (Peeter's Press, 2021), включенная в список 30 лучших академических изданий.



профессора со студентами переводческой кафедры на английском языке способствовало улучшению устных навыков и умений наших учащихся по английскому языку.

В будущих планах профессора Кортен продолжить сотрудничество с кафедрой иностранных языков, с факультетом как офлайн, так и онлайн в области реализации совместных научных проектов, подготовки публикаций статей в Web of Science и Scopus, организации совместных научных мероприятий, конференций, а также в области повышения квалификации молодых преподавателей иностранных языков. В целях улучшения произношений и приближения к произношению носителей, профессор Кортен планирует подготовить на страницах своего Instagram специальные уроки для преподавателей и студентов КазНУ. Для развития навыков устной речи он предлагает организовать онлайн беседы, диалоги и обсуждения с носителями языка, которые действительно являются эффек-

тивной методикой повышения разговорной компетенции студентов по иностранному языку. Безусловно, в программе нашего сотрудничества с профессором Кортен самым значимым представляется консультирование по подготовке научных статей преподавателей нашей кафедры и факультета в рейтинговые журналы и подготовка совместных публикаций.

Один месяц очень быстро прошел и сейчас профессор Кортен дает завершающие лекции и консультации. Следует особо отметить, что его пребывание было очень полезным и продуктивным. Вот что сказал профессор Кортен в беседе с преподавателями кафедры иностранных языков: «У меня самое благоприятное впечатление об университете, студентах и преподавателях! Студенты были очень открытыми, дружелюбными и готовыми учиться. Преподаватели тепло приветствовали меня в классе и оказали большую поддержку, внимательно слушали лекции и принимали активное

участие в обсуждениях, задавали вопросы и делились своими мыслями. У нас также были отличные диалоги на встречах по методологии публикаций и исследованиям и предложениям о грантах. У меня планов много. Буду постоянно поддерживать сотрудничество с кафедрой иностранных языков, по инициативе которой я был приглашен в КазНУ им Аль-Фараби. Университет расположен в красивом месте на фоне гор. Великолепная панорама гор сильно впечатляет! Каждый раз с нетерпением ждал занятий, встречи с коллегами. Пожалуй, самым большим сюрпризом для меня стал город – я люблю Алматы! Моё пребывание в университете в качестве приглашенного профессора превзошел все мои ожидания. Я мог бы жить и работать здесь».

Считаем, что программа приглашения гостей профессором является очень полезным опытом, так, она действительно способствует усилению интернационализации образовательной деятельности университета, расширению возможностей по формированию профессиональной и научной компетенций преподавателей, росту кругозора студентов и получению новых знаний по их специализации.

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА,
доцент кафедры
иностраннх языков

Жамиля ДОСМАГАМБЕТОВА,
завкафедрой
иностраннх языков

Стажировка прошла более чем удачно

Новосибирский государственный университет, который является одним из ведущих научных центров России заявил, что планирует открыть филиал в Казахстане на базе Казахского национального университета имени Аль-Фараби. В предварительный список входят технические специальности бакалавриата и магистратуры, но востоковедение также может стать перспективной областью для международного сотрудничества.



ровки было наладить контакты между профессорами и преподавателями факультетов КазНУ и НГУ.

Я пообщался с заведующей кафедрой востоковедения и руководителем моей дипломной работы Е.Э.Войтишек и передал ей горячий привет от декана своего факультета. Елена Эдмундовна тоже заинтересована в дружбе между факультетами и предложила несколько форм сотрудничества – участие в международных конференциях вузов, открытые лекции, стажировки. Например, каждый год в апреле в обоих вузах проходят междуна-

родные конференции – «МНСК» в НГУ и «Фараби элемі» в КазНУ. Они могут стать отличной площадкой для обмена опытом и идеями.

Отдельно стоит вопрос об открытии магистерской программы по востоковедению в НГУ. Сейчас на кафедре нет отдельной программы, и бакалавры поступают в историческую или филологическую магистратуру. Ситуацию планируют исправить открытием в 2023 году отдельной востоковедной магистратуры, и выпускники КазНУ могут поступить в нее, в том числе и на бюджетной основе. В то же время и студенты

из Новосибирска уже сейчас интересуются поступлением в магистратуру КазНУ.

На факультете в КазНУ предложения о сотрудничестве встретили с большим оптимизмом. Декан факультета Н.Б.Ем предложила подумать над программой двойного диплома. Кроме того, директор Института азиатских исследований Г.Н.Ким более предметно задумался о проведении воркшопов и семинаров по узким темам. Профессора и преподаватели обоих факультетов также оптимистично отнеслись к идее сотрудничества, поскольку вузы могут дополнить друг друга в своей специализации. Задачи на ближайшее время – определить конкретные области взаимодействия и подписать меморандум о сотрудничестве.

В целом, я считаю, что моя стажировка прошла более чем удачно, и главное сейчас – продолжать работу по налаживанию и укреплению отношений. Я благодарен преподавателям факультета востоковедения КазНУ за поддержку в прохождении стажировки.

Руслан СЕИТОВ,
магистрант 2-го
курса факультета
востоковедения

Я магистрант 2-го курса кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения. Закончил бакалавриат в Новосибирском государственном университете (НГУ), и в этом семестре я вновь посетил альма-матер в рамках зарубежной научной стажировки. Стажировка продлилась две короткие, но насыщенные недели декабря. В первую неделю участвовал в международной конференции «Археологические культуры Сибири в контексте кросс-культурных контактов в Евразии», где выступил с докладом. На конференции я представлял КазНУ и Казахстан как одну из шести стран-участников. По итогам конференции был опубликован сборник статей, куда вошла и моя статья «Образ «Северных варваров» в Японии в эпоху Токугава (1603–1868)». На второй неделе стажировки я ознакомился с магистерской программой НГУ для историков и востоковедов, посещал семи-

нары и лекции. Интересно сравнить опыт обучения в двух вузах: несмотря на некоторые сходства и похожие предметы, специализация и особенности вузов бросаются в глаза.

Факультет востоковедения Новосибирского государственного университета был основан в 1999 году, но сама история изучения Востока в университете насчитывает более 45 лет. Это центр классического, фундаментального востоковедения, и многие преподаватели – археологи, филологи и искусствоведы. Востоковедение в КазНУ имени Аль-Фараби скорее прикладное и изучает современность, многие студенты и магистранты пишут работы по актуальным проблемам и находят работу по специальности уже во время учёбы. Тем не менее, оба этих направления важны для развития как научной, так и коммерческой составляющей востоковедения, поэтому одной из целей стажировки

Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 2-курс студенті Серік Әбдімәжит самбодан жастар арасында Армения астанасы Ереван қаласында өткен әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алды. Жеңімпаз студентімізді құттықтай отырып, алдағы жоспары мен жеңісі хақында сұхбат құрдық.

Жетістік кілті

— Алдағы жоспар — тоқтамай әлі де еңбек етіп, әлем чемпионатында алтыннан медаль тағынып, еліміздің көк байрағын желбірету. Оқуымды да қатар ала жүріп, білімімді өте жақсы деңгейде тамамдау. Менің ойымша, жеңіс тұғырынан көріну, еліміздің атын шығару — әр спортшының борышы. Спорт қатаң тәртіптің арқасында ғана жүзеге асады. Уақытты тиімді пайдалану мен күш-жігерімді дұрыс бағытта жұмсау, өз талантыңды дамытып, қабілетіңді арттыра білу жетістікке



жетудің ең басты кілті деп білемін. «Спорт — денсаулық кепілі» дегенге толықтай келісіп, адамдарды спортпен шұғылдануға шақырамын. Спортпен айналысқан адамның денсаулағы мықты болады. Жалпы, әлем чемпионатына қатысып, орын алуым алғаш рет. Бұл жетістігім тек бастамасы. Әрине, әрбір спортшының арман-мұраты — олимпиада шыңын бағындыру. Самбо олимпиадаға 2021 жылы ғана қосылды. Енді алдағы олимпиада ойындарында болар-болмасы белгісіз. Бала күнімдегі арманым спортта әлем чемпионы болу еді. Аллаға шүкір, осы жылы Армения мемлекеті, Ереван қаласында өткен әлем чемпионатында қола жүлдегер атандым. Бұл жүлдемен тоқтап қалмай, алдағы жарыстарға тыңғылықты дайындаламын, — деді спортшы әлем чемпионатында алған әсерін ортаға салып.

Аталмыш халықаралық турнирге Қазақстан, Армения, Болгария, Колумбия, Кипр, Германия, Грекия, Грузия, Израиль, Исландия, Италия, Қырғызстан, Оңтүстік Корея, Латвия, Молдова, Моңғолия, Румыния, Сербия, Тәжікстан, АҚШ, Өзбекстан, Ресей және т.б. әлемнің 24 елінен 500-ден астам үздік балуан жиналды.

Самбодан жастар чемпионаты 14-16 қазан аралығында өтіп, онда 55 медаль жеңімпаздарға тапсырылды. ҚазҰУ студенті Серік Әбдімәжит 71 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

— Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 2021 жылы оқуға түстім. Қазіргі таңда құқықтану мамандығы бойынша 2-курс студентімін. Менің жеке бапкерлерім — Досбергел Тамбиев және Рахымжан

Қожатаев. Жеңіс тұғырынан көрінуімде, әрине, бапкерлерімнің де еңбегі зор. Ұлттық құраманың бас бапкерлеріне және өзімнің жеке бапкерлеріме үлкен алғысымды айтамын. Осындай жетістіктерге жетуіме көптен-көп септігін тигізгені рас. Мені барлық жарыстарға тыңғылықты дайындап, екінші әкемдей болып кеткен кісілер.

Өмірлік ұстанымым — «Мақсатың айқын болса, армандар орындалады». Арман орындалу үшін, мақсатқа жету үшін еңбек ету керек. Ата-анамның маған артқан сенімдерін, үміттерін ақтау үшін қолымнан келгенді жасап бағамын. Үйдің үлкені болғандықтан, артымнан өсіп келе жатқан інілеріме, қарындасыма қорған болуым қажет. Жалпы, оқу үлгерімім жақсы. Бірақ әлем чемпионатына барғаннан кейін, мақсатым алтын медаль алу болатын. Бұл мен үшін жауапты жарыс болды және онда кәсібилігім мен төзімділігімді дәлелдеуге тиіс болдым. Намысқа тырыстым. Барлық спортшылардың дайындығы өте мықты екен және барлығы жақсы нәтиже көрсетті. Біраз қателіктер жібердім. Сол себепті толық қанағаттанамын деп айта алмаймын. Алдағы уақытта сол қателіктеріммен жұмыс жасау керек. Спорт болғаннан кейін бірде ұтасың, бірде ұтыласың. «Самбо күресі 2028 жылы өтетін олимпиада ойындарына қосылып қалуы мүмкін» деген Халықаралық олимпиада комитетінің шешім-жорамалы бар. Бәлкім, сол олимпиадада алтыннан алқа тағынып қалармыз, — деп сөзін тамамдады чемпион.

Нұрбек НҰРЖАН

«Абай-Верн» стипендиясын жеңіп алды

Механика-математика факультеті Механика кафедрасының 2-курс магистранттары қосдипломдық бағдарлама аясында француз университеттерінде оқуын жалғастыру үшін «Абай-Верн» стипендиясын жеңіп алды.

2022/23 академиялық жыл үшін бөлінген «Абай-Верн» стипендиясы иегерлері ішінде механика-математика факультеті Механика кафедрасының «Механика және энергетика (UL, Франция)» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттары Шолпан Баймағанбетова, Нұржауған Өмірәлиева, Азиза Качкинова, Илияс Көдебай, Қазбек Мұхамбетов, Әзімжан Жақыпов, Дамир Салқынбеков және 2-курс докторанты Диана Керімбекова бар.

Қазақ ақыны Абай мен француз жазушысы Жюль Верн атындағы «Абай-Верн» бағдарламасы — 2018 жылы Францияның Қазақстандағы елшілігі мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бастамашылық еткен, бірлесіп қаржыландыратын шәкіртақылық бағдарлама.

Бағдарлама студенттерге француз немесе ағылшын тілде-



рінде жыл сайын білім алуға арналған шәкіртақылар ұсынады: бірлесіп жетекшілік ету арқылы магистратураның 2-курс деңгейінде және докторантура бағдарламалары бойынша жүзеге асырылып келеді.

Жеңімпаздар 10 ай бойы ай сайын 800 евро көлемінде шәкіртақы, сондай-ақ осы уақыт аралығында (2023 жылдың маусымына дейін) Францияның Нанси қаласында орналасқан Лотарингия университетінде тегін білім алатын болады. Аталмыш стипендия иегерлері мемлекеттік жоғары оқу орындарында тіркеу жарнасын төлеуден босатылғанымен қоймай, Шенген аймағына арналған ұзақ мерзімді тегін визаға ие болды.

2022 жылдың 4 шілдесінде өткен франко-қазақстандық ара-

лас комиссия отырысының қорытындысына сай, 21 үміткер (магистратура деңгейіне 19 үміткер, соның ішінде 17-сі негізгі тізімде, 4-уі қосымша тізімде және докторантура деңгейіне 2 үміткер) бекітілді. Сол үміткерлер ішінде 7 магистрант, 1 докторант Механика кафедрасынан. Бұл Механика кафедрасы үшін үлкен жетістік деп білеміз.

Шәкіртақы иегерлерін құттықтаймыз және бағдарламаға қатысу арқылы Францияда оқуға ықпал білдірген барлық үміткерлерге алғысымызды білдіреміз.

Динара ТҰРАЛИНА,
Механика кафедрасының оқу-әдістемелік ісі бойынша кафедра меңгерушісінің орынбасары, ф.-м.ғ.к., аға оқытушы

League of chemists ойыны қызықты өтті

Қай заманда болсын адамзат алдындағы басты міндет — саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер XXI ғасырда әрбір азамат табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жаңаша жолдарын меңгеруді талап етеді.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды жауапты іс. Қазіргі заманауи жағдайдағы білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлілігімен анықталады. Осы ретте қазақ білімінің қара шаңырағы, қазіргі заманауи тілмен айтқанда, алма-матери — Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды ерекше атап өтсек орынды болар. Аталған университет жыл сайын мыңдаған білімді, білікті маман даярлап шығарады. Тек біліммен ғана шектелмей, студенттердің бос уақытында түрлі іс-шаралар мен спорттық жарыстар өткізеді. Осы орайда, химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының оқытушылары, х.ғ.к., доцент Ж.Ташмұхаметова, т.ғ.к. А.Батырбаеваның жетекшілігімен Әл-Фараби кітапханасының үлкен залында жоғары оқу орны студенттерінің арасында II республикалық интеллектуалды League of chemists ойыны өткізілді.



Интеллектуалды ойынның негізгі мақсаты — студенттердің ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын, ынтылас артыру. Көрнекі іс-әрекеттік, сөздік-логикалық, ойлау әрекеттерін дамыту, ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру. Студенттерді шапшаңдыққа, икемділікке, топта ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, белсенділікке тәрбиелеу.

Ойынға білім мен ғылымға, болашақ білікті маман даярлауда өз үлестерін қосып жүрген жоғары оқу орындарынан студенттер қатысты. Сайыс алты команда арасында болды: Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ — «Жас Ломоносовтар», С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ — «Фармацевты», Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ — «Super Nova», «Большцман», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — «Энтропия», Сүлеймен Демирел университеті — «SDUdents».

Ойын бес кезеңнен құралды. Барлық команда дайындықтары жоғары деңгейде екенін ойын барысында көрсете білді. Жарыс өте тартысты өтті. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дан келген команда білімділігімен ерекше

көзге түсті. Басқа командалар ауызбіршілігімен, ой ұшқырлығымен ерекшеленді.

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп дана халқымыз айтқандай, студенттер алғырлықтары мен шеберліктерін жоғары деңгейде көрсетті. Әділқазылардың әділ терелігімен бірінші орынды ҚазҰУ-дың «Большцман» тобы, екінші орынды «Энтропия», үшінші орынды Сүлеймен Демирел атындағы университеттен «SDUdents» тобы иеленді.

Жарыс барысында топтарға тапсырма орындауға уақыт берілген кезде студенттеріміз өнер көрсетіп, қолдауға келген жанкүйерлердің көңілін көтеріп, болып жатқан іс-шараға атсалысты. Сөзімізді «Алаш атын аспанға, Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін!» деп жырлаған Мағжан Жұмабаевтың өлең жолымен аяқтағанды құп көрдік.

Нұргүл ҚҰСАЙЫНОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнай химия кафедрасының 1-курс магистранты

«Парасат» кәсіподағы үздік мамандарды марапаттады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік қызметкерлерін анықтау, оларды әлеуметтік қолдау және ынталандыру мақсатында «Ең үздік маман-2022» байқауы өтті. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы. Биыл 12-ші мәрте ұйымдастырылып отырған сайыс ҚР Тәуелсіздік күніне арналып отыр.



Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ольга Ложникова жиынды құттықтау сөзбен ашып, жеңімпаздарға ерекше құрмет көрсетті. Ол өз сөзінде университетіміздің QS WUR әлемдік рейтингінде 150-орынға көтерілуі, Үкімет қаулысымен ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесінің берілуі және білім ордасының жаңа жетістіктеріне жетуінде ұжымдағы әр маманның өлшеусіз үлестері бар екенін атап өтті.

Байқау барысында бөлімшелер өз үміткері жайлы және оның жетістіктері туралы бейнеролик ұсынды. Кәсіподақтың Instagram желісіндегі парақшасында оқырмандар ұнаған кандидаттарына дауыс берді.

Байқауға 16 факультеттің,

ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету департаментінің, жағдаяттық басқару орталығы, заң бөлімі, Әл-Фараби кітапханасы, академиялық мәселелер жөніндегі, ақпарат және коммуникациялар, өндірістік қамтамасыз ету және жастармен жұмыс департаменттерінің және қауіпсіздік басқармасының 27 қызметкері қатысты.

Байқау қатысушыларына университеттегі жұмыс өтілі, кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде орындау, университеттің қоғамдық өміріне қатысу, кәсіподақ қызметінде белсенділік таныту секілді талаптар қойылды.

Барлық қатысушылар

«Парасат» кәсіподағына және ҚазҰУ әкімшілігіне керемет сайыс үшін шын жүректен алғыс айтты. Университеттегі еңбек өтілі 12 жылдан асқан маман Бақыт Құрманбеков байқау бұдан да жақсы жұмыс істеуге, жаңа жетістіктерге ұмтылуға ынталандыратынын атап өтті.

Жеңімпаздар «Парасат» кәсіподағының арнайы дипломдарымен марапатталып, оларға тұрмыстық техника дүкенінен алынған сый-сияпаттар табысталды. Шара соңы жүлдегерлерге арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

Әлия ТҰРМАХАНБЕТОВА,
Қаржы және есеп кафедрасының оқытушысы

ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде Жалпы және қолданбалы психология, Философия және саясаттану, Дінтану және мәдениеттану кафедраларының 1-курс магистранттары және Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 1-2 курс магистранттарының бірігуімен ұйымдық ашық сабақ өтті.

«Корпоративті мәдениеттің психологиялық аспектілері және эгоизм психологиясы» атты ашық сабақ офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылды. Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен іс-шара қажетті техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Сонына игі іс Жалпы

Магистранттар авторлық жобасын қорғады

және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымының докторы С.Бердібаеваның басшылығымен жүзеге асты. Жастардың білігін арттыру мақсатында «Басқару психологиясы» пәнінен Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының магистранттары авторлық жобаны қорғады. Магистранттардың жоғары машығы әлеуметтік видео мен сұхбаттардың өте сапалы дәрежеде дайындалғанынан-ақ байқалды.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистранттары да ашық сабаққа белсенді түрде атсалысты. Дарынды жастар өнерін ортаға салды. Бір айта кетерлігі, іс-шара аясында Германия, Индонезия,



Ресей, Қырғызстан елдерінің ғалымдары бас қосты. Атап айтқанда: Германиядан Bad Wildungen, Hessen, Germany «Reinhardshöhe» оңалту клиникасының PhD докторы, доцент Алена Гарбер, Индонезия елінен Марзоэки Махди атындағы пси-

хиатриялық аурухананың психиатры Prasetiyawan Dayat, Ресейдің Самара мемлекеттік әлеуметтік-педагогикалық университеті Педагогика және психология кафедрасының доценті Дмитрий Иванов және Қырғызстанның Жүсіп Баласағұн атындағы ұлттық

университетінің әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің деканы, доцент Мырзабек Камчыбекуулу қатысты.

Магистранттар авторлық презентацияларын қорғап, интеллектуалды диалогтер мен «Корпоративті мәдениеттің психологиялық аспектілері және эгоизм психологиясы» мәселелерін талқылады.

Әсем ОРЫНБЕК,

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының 1-курс магистранты

Ермек ШАНТЕМИСОВ,

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының 1-курс магистранты

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначеніе) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуға ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486
+7 747 325 6874

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.